

Белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға қосымша тамақтануды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік көмек көрсету ережелері 1. Жалпы ережелер

1. Берілген белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға қосымша тамақтануды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік көмек көрсету ережелері (ілгеріде - Ереже) белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға қосымша тамақтануды қамтамасыз ету үшін әлеуметтік көмек көрсетудің тәртібін белгілейді (ілгеріде ә л е у м е т т і к к ө м е к) .

2. Берілген Ережелерде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу жөніндегі өкілетті орган (ілгеріде-өкілетті орган) - аудандық және қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;

2) әлеуметтік көмек - белсенді туберкулезбен ауыратын азаматтарға қосымша тамақтануды қамтамасыз етуге бағытталған қаржы төлемінің бір түрі;

3) алушы - облыстың туберкулезге қарсы мекемелерінде диспансерлік есепте тұратын белсенді туберкулезбен ауыратын азамат.

3. Әлеуметтік көмекке тағайындауды облыстың туберкулезге қарсы мекемелері ай сайын ұсынатын тізіміне сәйкес аудандық және қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері жүргізеді.

2. Әлеуметтік көмек алуға өтініш беру тәртібі

5. Ереженің 3 тармағында көрсететін тұлғалар өкілетті органға тұрғылықты жерлері бойынша келесі құжаттарды береді:

1) қосымшаға сәйкес белгіленген формадағы өтініш;

2) жеке тұлғаны куәландыратын құжат көшірмесі;

3) тұрғылықты жерді растайтын құжат көшірмесі;

4) белсенді топ бойынша есепте тұратыны жөніндегі туберкулезге қарсы м е к е м е д е н а н ы қ т а м а .

6. Балаларға әлеуметтік көмек тағайындау үшін ата-ананың біреу немесе заңды өкіл (қорғаншы, қамқоршы, патронатты тәрбиеші) 5 тармақта көрсетілген құжаттардың және қорғаншы, қамқоршы, патронатты тәрбиеші статусын растайтын құжаттармен жасалады.

3. Әлеуметтік көмекті тағайындау тәртібі

7. Әлеуметтік көмек өтініш беру айынан бастап оған құқығы пайда болғаннан кейінгі ағымды айда тағайындалады.

8. Әлеуметтік көмек тағайындау туберкулезге қарсы мекемелер тұрғылықты

жері бойынша өкілетті орган жүргізеді.

9. Әлеуметтік көмек көлемі айына 600 (алты жүз) теңгені құрайды.

10. Балаларға әлеуметтік көмек тағайындау үшін ата-ананың біреуінің көрсетілген құжаттарды ұсыну, сондай-ақ, бала тұлғасын куәландыратын құжаттар және қорғаншы, қамқоршы, патронатты тәрбиеші статусын растайтын құжаттармен жасалады.

4. Әлеуметтік көмек төлеу

11. Әлеуметтік көмек төлеу екінші деңгейлі банктер арқылы жасалады, олармен заңда белгіленген тәртіпте аудандар мен Петропавл қаласының еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері ұсынған алушылардың ашылған жеке шотына сома есептеуге арналған тізімдемелер негізінде келісім-шарт жасалған.

Ережелерге қосымша

Еңбекпен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімінің бастығы
_____ ауданы (қаласы)

Өтініш

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

Мәртебесі _____

Мекен-жайы _____

СТН _____

Есеп айырысу шот нөмірі _____

Бөлімшеде _____

Маған азық түлік - сары май сатып алуға әлеуметтік көмек тағайындауды сұраймын.

Қосымша ___ парақта.

200 жыл "___" _____

Өтініш берушінің қолы

Өтініш 200 жыл "_____" _____ қабылданды.

Құжаттар қабылдаған тұлғаның аты-жөні және қолы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК